БЕКІТЕМІН
№12 «Қарлығаш» ҰҚҚК
балабақшасы меңгерушісі
Махметова Ж.К
«28» тамыз 2025 ж.

2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАР

Астана қ , 2025ж

Мектепке дейінгі ұйымдардың нормативтік құқықтық құжаттар

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптар 2025– 2026 оқу жылында тәрбие-білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және т.б. Заңдарын басшылыққа алуы тиіс, процесті мынадай нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырсын:

2025-2026 оқу жылында №12 «Қарлығаш» балабақшасы тәрбиелеу-білім беру процесін жүзеге асыруда келесі нормативтік құқықтық актілерді *басшылыққа алады*:

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414
«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_
«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293
«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚазақстанРеспубликасының Заңы
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_
«Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306_
«*Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеуарқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы*
https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000343_
Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы

https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249
Хабарламалар нысандарын және Мемлекеттік органдардыңхабарламаларды қабылдау қағидалары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010194
Жоспарлы профилактикалық екпелерді және ұжымдық иммунитеттің шекті деңгейін алмаған балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021832
Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндеттістандарты
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235
Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329
Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалар
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469
Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033166
Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметін көрсетудіңүлгілік шарты
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227
Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары
https://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750_
Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беруұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272
Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсетуқағидалары

https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883
Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің,оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708
Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізуүшін міндетті құжаттардың тізбесі
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317*Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері*https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020619
Мектепке дейінгі ұйымдарда Қамқоршылық кеңестің жұмысынұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584
Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылаужүйелерімен жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239
Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026618
Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидалары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026513
Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидалары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017948

Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді, тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуетті

өнім берушілердің)тізбесін қалыптастыру қағидалары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017766
«Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300032368
«Үздік педагог» атағын беру қағидалары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020472
Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасы
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008390
Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары менпедагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидалары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200007495
Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317*Педагогтік қайта даярлау қағидалары* https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020147
Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім берубағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020567
Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031053
Мемлекеттік ұйымдар Педагогтерінің жалақысын есептеу қағидалары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020622
Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйымсалынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесі
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100022857
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және онысайлау тәртібінің үлгілік қағидалары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V080005229_
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің салалық көтермелеужүйесі
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400034309

2025– 2026 оқу жылына жылдық міндеттері:

1. Балалардың физикалық, әлеуметтік-эмоционалдық дамуына және салауатты өмір салтын қалыптастыруға жағдай жасау
2. Ұлттық арқылы балалардың коммуникативтік, танымдық және зияткерлік дағдыларын ЖИ арқылы дамыту
3. Балалардың шығармашылық қабілеттерін, зерттеушілік белсенділігін және дербестігін қолдайтын заманауи дамытушы орта қалыптастыру

2025 – 2026 оқу жылына қойған міндеттері:

1. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы балалардың бойында туған жерге, ана тіліне, отбасыға, салт-дәстүрге, ұлттық мәдениет пен өнерге деген сүйіспеншілік пен құрметті қалыптастыру
2. Ұлттық тәрбие мазмұнын заманауи цифрлық технологиялармен және жасанды интеллект мүмкіндіктерімен кіріктіре отырып, балалардың танымдық, шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерін дамытуға бағытталған тиімді білім беру ортасын қалыптастыру
3. Педагогтердің жасанды интеллект құралдарын қауіпсіз әрі тиімді қолдану, ұлттық мазмұндағы цифрлық ресурстар әзірлеу және заманауи педагогикалық технологияларды тәжірибеге енгізу арқылы кәсіби құзыреттілігін арттыру

I. №12 «Қарлығаш» балабақшасы МКҚК мектепке дейінгі ұйымы туралы 2025 – 2026 оқу жылына арналған жалпы мәліметтер

Жалпы мәліметтер	
Ұйымның толық атауы	Астана қаласы әкімдігінің №12 «Қарлығаш» балабақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын
Ұйымның қысқартылған атауы	№12 «Қарлығаш» балабақшасы КМҚК

Ұйым түрі	Мектепке дейінгі ұйым
Меңгеруші (Т.А.Ә.)	Достиярова Гаухар Амангелдиновна
Меңгеруші (Т.А.Ә.)	Достиярова Гаухар Амангелдиновна
Ұйымның заңды мекенжайы	Егемен Қазақстан газеті 10
Байланыс ақпараты: Телефон (код + номер)	24-60-01
Электрондық почта	yasli-sad-12@mail.ru
Ресми сайттың мекенжайы	https://karlygash12.edu.kz/
Жас топтарының саны, ерекшелігі	6 топ, оның ішінде кіші «Балбөбек» топ. ортаңғы «Үміт», «Ақбота» топтар. ересек «Балапан», «Аружан» топтар мектепалды «Балауса» топ
Жұмыс тәртібі	7.30- 18.00
Ғимараттың салынған жылы	1964ж
Ұйымның БСН	
Мектепке дейінгі ұйымның аттестаттаудан өту күні	2026 жыл қараша
Жобалық қуат	120
Оқыту тілі	Қазақ тілі
Қамқоршылық кеңестің құрылған күні	31.08.2026ж

Қосымша секциялар, үйірмелер	Хореография, Каратэ, Шашки, Тоғызқұмалақ
Эксперименттік жобалар	«Балалардың жобалық әрекетіндегі ЖИ -дің мүмкіндіктері»
Кадрлық қамтамасыз ету	
Қызметкерлердің жалпы саны:	44
Оның ішіндегі педагогикалық қызметкерлер саны	16
- меңгеруші	1
- әдіскер	2
-тәрбиешілер	8
– педагог-психолог	1
– логопед	1
– дефектолог	1
-дене шынықтыру (жүзу) жөнінде нұсқаушы	1
- қазақ тілі мұғалімі	1
- және басқа педагогтер	жоқ
Әлеуметтік серіктестер	
- Әдістемелік кабинет (ұйымның толық атауы) Астана	Ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу

білім басқармасы Әдістемелік орталық (ЦМО)	
- «Өрлеу»	Педагогикалық және басшы қызметкерлердің біліктілігін жоғарылату
Астана қаласы әкімдігінің №12 «Қарлығаш» балабақшасы КМҚК (ұйымның толық атауы)	Нормативтік құқықтық сүйемелдеу Есептілікті ұсыну Бақылау-талдау қызметі, Инновациялық қызмет Кеңестерге, конференцияларға қатысу Педагог кадрларды аттестаттау
- №8 мектеп	Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету Бірлескен әлеуметтік педагогикалық жобаларды іске асыру
- Емхана -№8	Мектепке дейінгі ұйымның қызметкерлері мен балаларын диспансерлеу және медициналық тексеру
Басқа ұйымдар (талдап жазу) - Кітапхана - Музейлер - Музыкалық мектеп	Абай атындағы кітапхана

Топтар саны және олардың ерекшелігі, тәрбиеленушілердің саны

№	Топтың атауы	Жас кезеңділігі	Жас топтары	Бағыт-тылық	Тәрбиелену шілердің саны

1	«Ақбота»	кіші	2жас		20
2	«Балапан»	ортаңғы	3жас		25
3	«Аружан»	ортаңғы	3жас		23
4	«Балауса»	ересек	4жас		20
5	«Үміт»	ересек	4жас		24
6	«Балбөбек»	мектепалды	5-жыл		22

№12 «Қарлығаш» балабақшасының 2024-2025 оқу жылындағы оқу-тәрбиелеу қызметінің талдауы

Әдістемелік тақырыбы:
«Баланы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа моделі негізінде жалпы дамыту тәсілдері»
Мақсаты:
Инновациялық технологиялар арқылы балалардың логикасын дамыту нысандары мен әдістерін жетілдіру
Міндеттер:
1.Балалардың танымдық қабілетін дамыту.
2.Келісілген сөйлеуді дамыту үшін заманауи жұмыс формалары мен әдістерін қолдану.
3.Шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін қолдана отырып, қозғалыс белсенділігін жетілдіру.

Қойылған жылдық міндеттер тақырыптық, жаппай тексерістер, ұйымдастырылған іс-әрекеттердің ашық көрсетілімдері, балалардың бағдарлама материалдарын меңгергендігінің диагностикалары, тәрбиешілердің есептері, педагог мамандардың бағдарлама бағдарламаның мектепке дейінгі тәрбие ұстанымдарына сәйкес орындаулары, 2022 жылғы 3 тамыздағы жаңа Стандартты негізге алулары яғни, түсінікті, ғылыми, жүйелі, көрнекілік қолданып, психолого-педагогикалық өзара байланыста тәрбиешілердің ата-аналармен тығыз қарым-қатынас негізінде іске асырылды.

2024-2025 оқу жылында «№12 «Қарлығаш» балабақшасында келесі міндеттер үстінде жұмыс істеді:
1. Практикалық қызметте жаңа педагогикалық және ақпараттық технологияларды қолдануға бағытталған, педагог кадрларды кәсіби тұрғыдан дамыту.
2.Балалар іс-әрекеттерінің әртүрлі пішіндері мен түрлері арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу белсенділігін дамыту.
3. Шығармашылық және танымдық қызмет, жеке білім беру үшін жағдай жасай отырып, балалардың белсенділігін ынталандыру.
Осы міндеттерді іске асыру үшін балабақшадағы педагогикалық үдеріске барлық қатысушылармен бірге жүргізілетін жұмыс жүйесі құрылды.

Салауатты өмір салтын ұйымдастыру

Тәрбиелеу – білім беру үдерісін медициналық қамтамасыз ету келесі бағыттарды қамтитын жылдық жоспарға сәйкес жүзеге асырылды:

- Алдын алу.
- Санитарлық-ағарту.

Балабақшадағы жұмыс №8 қалалық балалар емханасымен тығыз байланыста құрылуда (медициналық мамандармен диспансерлік тексеру жүргізеді).

Балаларды вакцинациялау егу күнтізбесіне сәйкес жүргізіледі. Балаларына екпе салудан бас тартатын ата-аналар бар.

Суық тиіп аурулардың алдын алу мақсатында балалармен дене шынықтыру және сауықтыру жұмыстарының жоспарына сәйкес қазан-мамыр айларында профилактикалық сауықтыру іс-шаралары өткізілді, оның ішінде:

-- «денсаулық жолы» бойымен жүру;
- таңертеңгі гимнастика;
- таза ауада серуен;
- күндізгі ұйқыдан кейін сергітетін гимнастика;
- қайнатылған сумен тамағын (ауыз қуысын) шаю;
- үшінші тағамды С-дәрумендендіру;

Педагогтар тыныс алу және алдын-алу гимнастикасын меңгерген, жұмыста әртүрлі шынықтыру түрлерін, сауықтыру ойындарын пайдаланады. Жылына 2 рет №8 қалалық емханамен бірлесіп, медициналық тексерістен өтеді.

Балабақшаның медициналық әлеуметтік жағдайы балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Балабақшаның қолда бар мүмкіншіліктерін есепке ала отырып, «тәуекел тобының» балаларына көмек көрсетуде медициналық қызметкерлердің негізгі міндеттері анықталды:

- емдік – алдын алу жұмысы;
- сауықтыру;
- балалармен түзету жұмыстары.

№12 «Қарлығаш» балабақшасында өткізілетін, емдік-сауықтыру шараларының кешені иммундық статусты нығайтуға бағытталған. Барлық табиғи факторлар пайдаланылды: күн, ауа, су, жер (жалаң аяқ жүру). Шынықтыру жұмыстары жыл бойы жүргізілді, бірақ олардың түрі мен әдістемесі маусым мен ауа райына байланысты өзгерді. Балабақшада бір немесе басқа табиғи факторлардың әсер етуінің кезеңділігін ескере отырып, шынықтыру іс-шараларының жүйесі әзірленді.

Тәрбиешілер тыныс алу жаттығуларының әдістерін біледі, денсаулықты сақтау технологияларын белсенді қолданады, өз жұмыстарында шынықтырудың әртүрлі түрлерін қолданады.

Бірінші жылдық міндеттерді жүзеге асыру үшін келесі жұмыстар: оқу жылы ағымында осы бағытта тақырыптық бақылаулар жүргізілді. Педагогикалық кеңес жұмысы барысында тақырыптық бақылаулар анықтамалықтары, педагогтардың балалармен жүргізген шығармашылықты дамыту жұмыстарын ұйымдастырулары іс-тәжірибе жайлы баяндамалары тыңдалды. Педагогикалық кеңес іскердік ойын түрінде өткізіліп, барлық педагогтар іс-жүзінде жаттығулар мен тапсырмалар орындады. .

Сонымен қатар, жылдық міндеттерді іске асыру барысындағы мәселелерді шешу мақсатында әдістемелік кеңес өткізілді. Педагогикалық кеңестерге, жылдық семинар-практикумдарға шығармашылық дағдыларды қалыптастыру бойынша ҰІӘ көрсетілді, ата-аналарға, педагогтарға ақыл-кеңестер дайындалды.

Екінші жылдық міндетті орындау үшін келесі жұмыстар жүргізілді: барлық топтарда Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру, Құрастыру бойынша ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер ұйымдастырылды; ата-аналарға ақыл –кеңестер де осы бағытта беріліп отырды.

Қорытынды көрсеткіштер жылдық міндеттің күтілетін нәтижесіне жеткендігін көрсетеді.

II тарау. Балабақша тәрбиеленушілері мен қызметкерлерінің мемлекеттік тілді үйренуі

Балабақшада ҚР «Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы» Заңын (1997 ж. шілде) орындау барысында үлкен жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Балабақшада Астана қаласы Тілдерді дамыту Басқармасы бекіткен мемлекеттік тілдің дамуы мен қызметі жайлы жылдық жоспар әзірленген.

Балабақшада осы оқу жылында ҚР-ның рәміздері қабырғасы арнайы қайта рәсімделді, мекемеде бірнеше ұлт өкілдерінің балалары болса да барлық іс-шаралар мен құжаттар мемлекеттік тілде жүргізіледі. Мемлекеттік мерекелерге жылжымалы папкалар тұрақты түрде әзірленеді. Балабақшада мемлекеттік мерекелерге арналған ертеңгіліктер өткізілді. Қызметкерлердің барлығы да мемлекеттік тілде еркін сөйлеседі.


III тарау. Ата-аналармен жұмыс

2024-2025 оқу жылында ата-аналармен тұрақты түрде бірікккен жұмыстар жүргізілді.Бұл жұмыстар мынадай әр түрлі формада өтті: бұл – конкурстар, көрмелер, ақыл-кеңестер және әр түрлі тақырыптағы іс-шаралар өткізу. Ата-аналармен бірікккен жұмыстардың талдауы төменде берілген.

2024-2025 оқу жылындағы ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың талдауы

№	Іс-шаралар	Қатысқандар
1	Барлық мерекелерге арнап, жылжымалы-папкалар дайындау.	барлық топтар
2	Білім күніне арналған ҰІӘ қатысу	барлық топ
3	Жалпы балабақша ішіндегі ата-аналар жиналысы	барлық топтар
4	Бастапқы, аралық, қорытынды диагностика бойынша жеке ақыл-кеңестер.	барлық топтар
5	«Балаңыз балабақшаға дайын ба?» сауалнама.	кіші топтар
6	«Бейімделу кезеңі» ата-аналарға арналған жадынама	барлық топтар
7	Жаңадан келген балалардың ата-аналарымен келісімшартқа отыру	барлық топтар
8	«Күзгі фантазия» табиғи материалдан көрме безендіру (ата-аналар+балалар).	барлық топтар
9	«Алтын күз» мерекелік ертеңгілік	барлық топтар
10	25 қазан ҚР ЕГЕМЕНДІГІ күніне ата-аналардан құттықтау рамкасы	барлық топтар
11	16 желтоқсан ҚР Тәуелсіздігіне арнайы концерттік бағдарлама	барлық топтар
12	ҚР Тәуелсіздігі құрметіне ата-аналардың қазақтың ұлттық киімдері үлгілеріндегі шеру	барлық топта
13	Жаңа жылға топтарды безендіру «Аяз ата шеберханасы»	барлық топтар
14	«Шынықсаң шымыр боласың» қысқы сауықтыру шаралары	барлық топ
15	«2025 жаңа жылды қарсы аламыз» мерекелік ертеңгіліктер	барлық топтар
16	8 наурыз мерекесіне әжелер мен аналарға арнап, сыйлық дайындау	барлық топтар
17	«Менің сүйікті анам!» суреттер көрмесі	барлық топта
18	Аналар мерекесі	ересек топтар
19	«Наурыз тойы»	барлық топтар
20	«Қазақстан халықтарының бірлігі күніне» арналған мерекелік ертеңгілікке ата-аналардың қатысуы	Барлық топтар
21	«Қош бол, балабақша!» ата-аналардың бітіру ертеңгіліктеріне қатысуы	Барлық топтар

Ата-аналармен біріккен жұмыстың салыстырмалы диаграммасы



Тұжырымы: 2024-2025 оқу жылында б/б тәрбиелеу-білім беру жұмыстары нәтижесі жылдық міндеттердің орындалғанын көрсетті. Педагогикалық ұжымның белсенділігінің артқандығы байқалды.Ата-аналардың балабақшаның тәрбиелеу-білім беру үрдісіне белсенді араласып, қызығушылықтарының артуы нығайды.Әр жүргізілген іс-шара бойынша алғыстарын білдіріп, отырды. Ата-аналар тек ертеңгіліктерге қатысып қана қоймай, балабақшада өтетін барлық шаралардың белсенді қатысушысы болды. 2024-2025 оқу жылындағы ерекшелік көптеген шараларды өткізуге өздері ұсыныс білдірді. Бұл деректер балабақшаның мектепке дейінгі жастағы балалардың әлеуметтік-бейімделген тұлға болып қалыптасуына және балалар дамуы мен оқуына барлық жағдай туғызылғанын куәландырды.

IV. Балабақшаның алдағы жұмысына келешек жоспарлар

2024-2025 оқу жылында балабақшада кездескен негізгі мәселелер және жетістіктерді назарға ала отырып, 2025-2026 оқу жылына арналған келешек жұмыстар анықталды:

- мемлекеттік білім беру саясатын іске асыру шеңберінде балабақшаның оқу жылына арналған негізгі міндеттері;
- МДҰ балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында ересек және мектепалды топтарға арнайы жоспар құру

- білім сапасын арттыруға бағытталған іс-шаралар;
- «Жасыл балабақша» желісін кеңейте отырып, балаларға кіші жастан экологиялық білім беру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру

- Ата-аналармен жұмыс бөлімі бойынша жұмысты кеңейтіп, Тәрбие бесігі» жобасын іске асыру
- тәрбие жұмысын ұйымдастыру және қауіпсіз білім беру ортасын құруға арналған шаралар, соның ішінде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру;
- оқу процесіне жасанды интеллект элементтерін енгізу бағыттары;
- балабақша қызметінің тиімділік көрсеткіштері

Осы берілгендерге орай, 2025-2026 оқу жылында балабақшаның педагогикалық ұжымы алдарына келесі жылдық міндеттерді қояды

«Мектепке дейінгі жастағы баланы салауатты өмір салтына көзқарасын,түсінігін қалыптастыру және физикалық дағдыларын, дене белсенділіктерін өз жасына сай дамытуға баса мән беру »

№	Жылдық міндеттер	Күтілетін нәтиже
1	МДҰ балалардың экологиялық тәрбие бойынша білімін қалыптастыру.	Күнделікті қоршаған әлеммен байланысты түрлі бақылау,зерттеу жұмыстары арқылы балалардың еңбек дағдылары қалыптасып, ойлауы, сергектігі және дене белсенділіктері артады. Қоршаған әлемге қамқорлық және экологиялық мәдениет қалыптасады.
2	МДҰ жұмысын жандандыра түсу бағытында «Тал бесік» жобасын енгізіп, ата-аналармен жүргізілетін шараларды жүйелендіру.	Барлық топтарда балалар өз ата-аналарымен жүргізілген іс-шаралар бойынша арнайы бұрыш жасақталады. Ата-аналармен жүргізілген түрлі үйірмелер туындылары түрлерімен балабақша базасы толықтырылады.
3	МД балалардың зиятерлік қабілетін дамытуды жетілдіру.	Балалардың танымдық белсенділігі артып, логикалық ойлау, есте сақтау және зейін қою қабілеттері дамиды. Қоршаған ортаны зерттеуге қызығушылық танытып, өз ойын еркін жеткізу және қарапайым мәселелерді өз бетінше шешу дағдылары қалыптасады.

2025-2026 оқу жылына арналған №12 «Қарлығаш» балабақшасының тәрбиелеу-білім беру жұмысының циклограммасы

Ай	Әдістемелік кабинет жұмысының мазмұны мен ұйымдастырылуы			Кадрлармен жұмыс									Ата-аналармен жұмыс					Әкімшілік-шығармашылық жұмыс	
	Топтардың оқу жылының басталуына дайындығы	ОПТ-ні үйрену, жалпылау және тарату	Аттестациялау комиссиясының отырысы	Педкеңестер	Әдістемелік кеңес	Семинарлар	Ақыл-кеңестер	Өндірістік жиналыстар	Меңгеруші қатысқан жиналыстар	Нұсқаулықтар	Диагностика	Ашық көрсетілімдер	Жалпы ата-аналар жиналысы	Топтық ата-аналар жиналысы	Ақыл-кеңестер	Ашық есіктер күні	Бірлескен іс-шаралар	Жөндеу жұмыстары, жабдықталу	Сатып алу
IX	+	+	+	+	+		+	+	+	+	+	+	+	+			+	+	+
X		+			+		+		+			+				+	+	+	+
XI		+		+		+	+	+	+			+			+		+		+
XII					+		+	+	+	+		+			+	+	+		+
I			+	+		+	+	+	+		+	+			+		+		+
II					+		+		+			+	+	+	+		+		+
III			+	+		+	+	+	+							+	+		+
IV					+		+		+			+			+		+		+
V			+	+			+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+

Балабақшадағы 2025-2026 оқу жылына арналған сауықтыру жұмыстарын психолого-медико-педагогикалық сүйемелдеу

№ р/с	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар	Қажетті әріптестік
1.	Балалар мен ересектер ұжымында психологиялық климат құру.	жыл бойы	басшы	Мекеме басшысы, топ тәрбиешілері
2.	Балабақшаға жаңадан келген балаларға психо-медико-педагогикалық сүйемелдеу.	қыркүйек, қазан	мейірбике	тәрбиешілер
3.	«Дене тәрбиесі» ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне медико-психолого-педагогикалық бақылау.	желтоқсан	мейірбике	Мейірбике Дене тәрбиесі нұсқаушысы
4.	Ертеңгілік жаттығуларды таза ауада өткізу.	ауа райына сәйкес	мейірбике	Тәрбиешілер
4.	«Денсаулық» айлығы	Қаңтар айы	Тәрбиешілер	Тәрбиешілер
5.	Шынығу рәсімдері: - әуе ванналары; - балабақшаның бөлмелері мен топтарында бөлме температурасын	Жыл бойы	мейірбике, барлық топ тәрбиешілері, педагог-мамандар	Меңгеруші

	сақтау.			
6.	Фитотерапия: шөптерден жасалған шай.	Жыл бойы	мейірбике	Барлық топ тәрбиешілері
7.	ЖРВИ, ОВР алдын алу мақсатында дәрумендер	Күз-қыс-көктем	мейірбике	Барлық топ тәрбиешілері
8.	Шынығу мен күн тәртібі рәсімдерін өткізу.	Жыл бойы	Меңгеруші	Мейірбике
9.	Жалпы шынықтыратын массаж	Күз-көктем	мейірбике	Мейірбике
10.	ОРЗ, ЖРВИ, тұмаудың алдын алуда оксолин мазын қолдану	Қараша, желтоқсан	барлық топ тәрбиешілері	Басшы
11.	3- асты С-дәрумендендіру, дәрумендi салаттар, сарымсақты және лимонды тұнбалар	Күз-қыс-көктем	мейірбике	Басшы .
12.	Жалпақ табандылық пен сколиоздың алдын алу үшін дәстүрлі емес дене шынықтыру құралдарын пайдалану.	Үнемі	барлық топ тәрбиешілері	Барлық топ тәрбиешілері
13.	Суық тию ауруларының алдын алу үшін аскорбин қышқылын пайдалану: 1 драже – ай бойы күніне 1 рет	Күз-қыс-көктем	мейірбике	Мекеме басшысы
14	Ұйқыдан тұрғаннан кейінгі сауықтыру-шынықтыру шараларын дұрыс жолға қою,талапқа сай ұйымдастырылуын назарға алу	Жыл бойы	тәрбиеші	Тәрбиеші Мейірбике Дене тәрбиесі нұсқаушысы

II тарау
2025-2026 оқу жылындағы әкімшілік-шаруашылық жұмыстар

Мақсаты: - балалардың толыққанды дамуын қамтамасыз ететін балабақшаның материалдық-техникалық базасын дамыту;

- Ұжымда жағымды эмоциялық ауа райын қалыптастыру;
- Педагогтардың кәсіби өсуі үшін қолайлы жағдайлар туғызу.

№ р/с	Жұмыс түрі	Мерзімі	Жауаптылар	Бақылау
1.	Топтардың ағымдағы жөндеу жұмыстары	Шілде	Меңгеруші, тәрбиешілер	Меңгеруші
2.	Дене шынықтыру ұіә қолданылатын жабдықтардың толықтырылуы	Жыл бойы	Меңгеруші	Меңгеруші
3.	Оқу жылының басына ойын алаңдарын дайындау	Шілде	Барлық топ тәрбиешілері, Меңгеруші	Меңгеруші
4.	Дәрі-дәрмектерді иелену	Қыркүйек	Мейірбике	Меңгеруші
5.	Оқу құралдарын иелену	Тамыз	Тәрбиешілер	Меңгеруші
6.	Әдістемелік, көркем әдебиеттерді иелену	Жыл бойы	Әдіскер	Меңгеруші
7.	Топтардың санитарлық-гигиеналық жағдайын, алаңдарды, қосалқы бөлмелерді тексеру мақсатында рейд жүргізу	Ай сайын	Мейірбике	Меңгеруші
8.	Қызметіне байланысты нұсқаулықтар берілді	Жарты жылдыққа 1 рет	Меңгеруші	Меңгеруші
9.	Қысқы мерзімге кабинеттерді, топтарды, қосалқы бөлмелерді дайындау	Қазан-қараша	Меңгеруші барлық топтар тәрбиешілері	Меңгеруші
10.	Балаларды тамақтандыруды ұйымдастыруды бақылау және бірегей мәзірді ұстануды қадағалау	Ай сайын	Мейірбике	Меңгеруші
11.	Жаңа жылдық ертеңгіліктер кезінде өрт қауіпсіздігін сақтау туралы нұсқаулар	Желтоқсан	Меңгеруші	Меңгеруші

12.	Балабақша аумағын көгалдандыру, гүлді гүлзарларды, экологиялық соқпақтарды безендіру	Сәуір - мамыр	Ата-аналар,барлық топтар тәрбиешілері	Меңгеруші

III тарау
Мемлекеттік тілдің дамуы мен қызметі

№ п/п	Қаралатын мәселелер	Мерзімі	Жауаптылар
1.	**Материалды-техникалық қамтамасыздандыру:** -- техникалық құралдар, видеоматериалдар, мультимедия техникасын пайдалану.	Жыл сайын	Меңгеруші
2.	**Мемлекеттік тілді үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызу:** - мемлекеттік тілде іс-қағаздарды жүргізу; - - педагогикалық кеңестерді қазақ тілінде өткізу; - қалалық шараларға қатысу; - қалалық конкурстарға қатысу; - ата-аналармен бірлескен шаралар өткізу; - циклограммалар өткізу;	Жыл сайын	Меңгеруші
3.	**Ата-аналармен жұмыс:** - ата-аналарға арналған бұрыштарда ақпараттар ілу; - тақырыптық ұіә , ертеңгіліктерге қатысу; - ата-аналар жиналысын өткізу - тіл үйренуге арналған қалалық сайыстарға қатысуға жұмылдыру.	Жыл бойы	Меңгеруші, тәрбиешілер

ҚР «ТІЛ ТУРАЛЫ» ЗАҢДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА АРНАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР

Мақсаты: мемлекеттік тілді оқып-үйрену үшін жағдай жасау және тәрбие-білім беру процесіне мемлекеттік тілді енгізу.

Іс-шаралар түрлері	Мерзімі	Жауаптылар
«Тіл туралы» Заңды іске асыру іс-шаралары		
Тілдерді дамыту мен қолданудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында іс - шараларды жоспарлы жүргізу	қаңтар	Әдіскер
Қазақстан халқы тілдер күніне іс-шаралар жоспарын құру - «Білімнің бастауы-балабақша» ертеңгілік - «Тіл-халықтың бірлігі» апталықтың ашылуы - «Алтын сақа» ұлттық ойын сайысы - Ана тілім – құдіретім - «Тәрбие басы тіл» тренинг - «Күзгі жәрмеңке» ертеңгілік - «Тәуелсіздік ел тілегі» ойын сауық - «Жаңа жыл» ойын сауық - «Аялаған анашым» ертеңгілік - «Жылдың басы - Әз Наурыз» наурыз мерекесіне арналған ертеңгілік «Ел қорғайтын батырлар» спорттық сайыс - «Бала деген бір бақыт!» ертеңгілік - «Ата Заңым – ардағым» ертеңгілік	қыркүйек қазан желтоқсан наурыз наурыз мамыр маусым тамыз	Музыка жетекшісі, тәрбиешілер қазақ тілі мұғалімі дене шынықтыру нұсқаушысы
Ата-аналармен жұмыс		
«Балаға жүрек жылуы» тренинг	наурыз	тәрбиешілер
Балабақша өміріне байланысты іс - шараларға ата-аналардың қатысуы.	тұрақты	тәрбиешілер

IV тарау
Әдістемелік қызмет жұмысы

Мақсаты: педагогикалық үдерістің барлық қатысушылардың кәсіби деңгейін арттыру, білім беру саласында отандық дәстүрлі және заманауи тәжірибелерді пайдалану.

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Балабақшада білім беру-тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру: - балабақшаның оқу жұмыс жоспарын құру және бекіту; - ҰІӘ кестесін құру; - балабақшаның оқу тәрбие жоспарын құру, оны бекіту; - қосымша білім беретін педагогтер жұмысы кестесін бекіту, педагогтардың ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің келешек жоспарларын бекіту; - жас ерекшеліктеріне қарай балалар құзыреттілігінің дамуын талдау, жинақ хаттама құру, талдауларды салыстыру, мониторинг жасау; - Озық іс-тәжірибелерді жинақтау және енгізу; - педагогикалық үрдісті басқару және бақылау; - педагогикалық кеңестер, семинарлар, әдістемелік сағаттар дайындау және өткізу; - қалалық әдіскерлер, педагогтер, педагог-мамандар отырыстары	Жыл бойы	Әдіскер Тәрбиешілер
2.	Педагогикалық кеңестер, семинарлар, көрме ұйымдастыру / ата-аналарды	Жыл бойы	Меңгеруші
3.	Ата-аналармен ағартушылық жұмыстарын ұйымдастыру, тәрбие, оқу, дамыту мәселелері туралы ақыл-кеңес беру, диагностика нәтижесі бойынша	Жыл бойы	Әдіскер Тәрбиешілер
4.	Өткен оқу жылының тәрбиелеу-білім беру жұмысына талдау жасау	Мамыр	Меңгеруші

Жас педагог мектебінің жұмыс жоспары

Мақсаты: жаңадан келген және жаңадан жұмыс істеп бастаған педагогтарға кәсіби құзыреттілігін арттыруға көмектесу.

№	Іс-әрекет мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	Нормативті – құқықтық базаны зерттеу Өзіндік білім алу, тақырып бойынша жұмысын жоспарлау	қыркүйек	Әдіскер Әжімұрат Б.
2	«ЕРТЕГІЛЕР ЕЛІНДЕ» фестиваль	қазан	Тәлімгер Уразбекова Ж Жас мамандар
3	ҰІӘ кезіндегі қауіпсіздік басты назарда Ұіә көрсетілімі	қараша	
4	Бағдарламаны балалардың меңгеруіне мониторинг жүргізу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру	желтоқсан	
5	Режимдік үдерістерді жоспарлау жөніндегі әдістемелік ұсыныстар.	қаңтар	
6	Практикум. Сюжеттік-рөлдік ойындарды ұйымдастыру.	ақпан	
7	«Білім беру ұйымындағы тәлімгер мен жас маман сабақтастығы» семинар – практикум	Сәуір	
8	Ата-аналармен жұмыс істеу түрлері.	мамыр	

2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА ЖОСПАРЛАНҒАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТЕР ЖОСПАРЫ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС	ТАҚЫРЫБЫ	МАҚСАТЫ	ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ
№1	**«Білім беру ұйымының 2025-2026 оқу жылындағы білім беру саясаты мен басымдылықтары»**	**2025–2026 оқу жылына педагогикалық ұжым қызметінің негізгі міндеттерін анықтау** **мемлекеттік білім беру саясатын іске асыруда бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету,**	27 ТАМЫЗ
№2	**«Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру мен экологиялық мәдениетті қалыптастыру»**	Мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыру заманауи білім берудің басым міндеттерін қалыптастыру.	13 ҚАРАША
№3	**Мектеп жасына дейінгі балалардың экономикалық түсініктері: қаржылық сауаттылықты ерте жастан қалыптастыру**	Дидактикалық және рөлдік ойындар, ертегілер және басқалар арқылы ұйымдастырылған іс- әрекеттерде және әртүрлі іс-әрекет түрлерінде тәрбиеленушілерде экономикалық ілімнің негізін қалыптастыру.	15 ҚАҢТАР
№4	**«Қашықтан оқыту технологиялары арқылы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара жұмысты жолға қою»**	Ата-аналармен жұмыстың инновациялық формаларын, әдістері мен тәсілдерін қолдану арқылы педагогтардың білім беру қызметінің тиімділігін арттыру.	05 НАУРЫЗ
№5	**«2025-2026 оқу жылының қорытындысы: жетістік пен даму жолы»**	Педагогтардың іс-әрекет нәтижелерін талдау дағдыларын жетілдіру, келесі жылы табысты іс-шаралар мен нәтижелерді болжау.	29 МАМЫР

№ 1 педагогикалық кеңес

Педагогикалық кеңестің тақырыбы:

«БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ 2025–2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ САЯСАТЫ МЕН БАСЫМДЫҚТАРЫ»

Мақсаты:
2025–2026 оқу жылына педагогикалық ұжым қызметінің негізгі міндеттерін анықтау мемлекеттік білім беру саясатын іске асыруда бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету,

№	Мәселе	Мазмұны	Жауапты тұлға
1	Педагогикалық кеңесті ашу	Балабақша меңгерушісінің алғы сөзі, отырыстың мақсаттары мен міндеттерін анықтау, күн тәртібін бекіту	Меңгеруші Махметова Ж
2	Бейнероликті көру	Мемлекет басшысы Қ. К. Тоқаевтың Тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзі (15.08.2025) - ҚР Оқу-ағарту министрлігінің өзекті мәселелері	----------
3	Жаңа оқу жылында білім беру ұйымы жұмысының басым бағыттары туралы	Әдістемелік-нұсқаулық хатын, жаңа нормативтік актілермен және бағдарламаларға шолу, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының мәселелері, білім беру ұйымдарында академиялық адалдықты сақтау қағидалары, 2025–2029 жылдарға арналған білім беру жүйесіне ЖИ енгізудің тұжырымдамалық тәсілдері, ЖИ этикалық қолдану жөніндегі нұсқаулық және ҚР білім беру ұйымдарында ЖИ қолданудың этикалық стандарттары, педагогтердің құқықтарын қорғау және кәсіби шеберлігін үздіксіз	Әдіскер Әжімұрат Б

		жетілдіру.	
4	Жылдық жұмыс жоспарын бекіту туралы	Талқылау және бекіту: - балабақшаның оқу жұмыс жоспары - балабақша тәрбиеленушілердің тізімдік құрамы - педагогтердің оқу жүктемесі - күн тәртібі - балабақшаны дамыту жоспары - педагогикалық кеңестің жұмыс жоспары - әдістемелік кеңес жоспары - «Ұстаз» платформасын қолдана отары сабақтарды бақылауды қоса алғанда, балабақша бақылау жоспары - педагогтердің біліктілігін арттырудың перспективалық жоспары -білім беру ұйымдарында академиялық адалдықты сақтау қағидалары -білім беру процесінде жасанды интеллектіні қолданудың этикалық нормалары мен стандарттарының сақталуын қамтамасыз ететін балабақшаішілік құжат - білім беру ұйымының ерекшеліктерін ескере отыра, басқа да жоспарлар	Әдіскер Әжімұрат Б
5	Балабақшаның ұйымдастырушылық-шаруашылық қызметі туралы	Нормалар мен ережелерді талқылау: - санитарлық нормалардың сақталуы -тәрбиеленушілерді тамақтандыруды ұйымдастыру - қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету - инклюзивті ортаны ұйымдастыру - балабақша қызметкерлеріне арналған ішкі еңбек тәртібі ережелері - балабақшаның күн тәртібі - және басқалар**	Әдіскер Әжімұрат Б
6	Әр мәселе бойынша дауыс беру және жеке-жеке шешім қабылдау		

№2 педагогикалық кеңес (қараша)
Педагогикалық кеңестің тақырыбы: «МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ МЕН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ»

- **Мақсаты: «Жасыл балабақша» желісін кеңейте отырып, балаларға кіші жастан экологиялық білім беру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру**
- Мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыру заманауи білім берудің басым міндеттерін қалыптастыру.
- **Міндеті**: Күнделікті қоршаған әлеммен байланысты түрлі бақылау,зерттеу жұмыстары арқылы балалардың еңбек дағдылары қалыптасып, ойлауы, сергектігі және дене белсенділіктері артады. Қоршаған әлемге қамқорлық және экологиялық мәдениет қалыптасады.

№	Мәселе	Мазмұны	ЖАУАПТЫ
1	*Педкеңестің ашылуы* *Күн тәртібімен таныстыру*	Балабақша меңгерушісінің алғы сөзі, отырыстың мақсаттары мен міндеттерін анықтау, күн тәртібін бекіту	Төрағасы
2	Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің маңызы туралы.	Экологиялық тәрбиенің маңызы Жоба аясында атқарылған жұмыстар Тәжірибе алмасу	Тәрбиеші Азизова Г.А.
3	«Жасыл балабақша» жобасын мектепке дейінгі ұйымдарда іске асыру	«Жасыл балабақша» жобасының мақсаты, бағыттары таныстырылды. Жоба аясында көгалдандыру, қалдықтарды сұрыптау, су мен энергияны үнемдеу, экологиялық акциялар өткізу.	Әдіскер Әжімұрат Б.Қ.

4	Мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыру жолдары.	Балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыруда ойын, бақылау, тәжірибе, еңбек әрекеттерінің тиімділігі.	Тәрбиеші Әбілда А.Ғ.
5	Балалардың жасаған жұмыстарын жарнамалау (көрме, әлеуметтік желі, стенд) туралы.	Көрмелер мен шығармашылық бұрыштарды ұйымдастыру Ата-аналармен кері байланыс	Музыка жетекшісі Тлеуберген А.Т.

№3 педагогикалық кеңес (қаңтар)

Тақырыбы: Мектеп жасына дейінгі балалардың экономикалық түсініктері: қаржылық сауаттылықты ерте жастан қалыптастыру

Мақсаты: дидактикалық және рөлдік ойындар, ертегілер және басқалар арқылы ұйымдастырылған іс- әрекеттерде және әртүрлі іс-әрекет түрлерінде тәрбиеленушілерде экономикалық ілімнің негізін қалыптастыру.

Міндеттері:
1. Мектепке дейінгі жастағы балаларда экономикалық ілімнің , қаржылық сауаттылықтың негізін қалыптастыру әдістері, тәсілдері мен құралдары туралы педагогтардың білімін белсендіру.
2.Балалардың әлеуметтік-экономикалық дамуы мәселелерінде ата-аналардың құзыреттілігін арттыру.
Өткізілетін түрі: педагогикалық жарыс

№	Сұрақтар	Жауаптылар
1	Алдыңғы педагогикалық кеңестің орындалу нәтижелері туралы	Меңгеруші Махметова Ж
2	Мектеп жасына дейінгі балалардың экономикалық түсініктері: қаржылық сауаттылықты ерте жастан қалыптастыру	Әдіскер Әжімұрат Б
3	Мектепалды топтарда «Математика негіздері» ҰІӘ Басқа топтарда «Қоршаған әлеммен таныстыру» ҰІӘ балаларды экономикалық тәрбиелеудің тиімді тұстарын талдау	Тәрбиешілер
4	«Адалдық дүкені» сюжеттік- рөлдік ойыны арқылы балаларға сіңірілген адалдық ұғымы	Әдіскер Усенова А
5	Бала бойында Қаржылық сауаттылықты дамытатын танымдық ойындар көрмесі	

№4 педагогикалық кеңес (наурыз)

Педагогикалық кеңестің тақырыбы: «Қашықтан оқыту технологиялары арқылы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара жұмысты жолға қою»

Мақсаты: ата-аналармен жұмыстың инновациялық формаларын, әдістері мен тәсілдерін қолдану арқылы педагогтардың білім беру қызметінің тиімділігін арттыру.

Міндеттері:

Педагогтардың практикалық қызметінде жаңа педагогикалық және ақпараттық технологияларды қолдануға ықпал ету балабақша ұжымы мен ата-аналардың өзара әрекеттесуіндегі жағымсыз сәттердің пайызын азайтуға көмектесу.

Өткізу түрі: іскерлік ойын

№	Педагогикалық кеңестің күн тәртібі	**Жауаптылар**
1	Алдыңғы педагогикалық кеңес шешімдерін орындалуы туралы.	Меңгеруші Махметова Ж.
2	Ата-аналар мектебінің түрлі бағыттарын қалыптастыруда әлеуметтік желілердің маңызы «Өнерлі әке», «Шебер ана» мектебінің жұмысына талдау	Әдіскер Усенова А
3	Жұмыс тәжірибесінен: «Ата-аналармен қарым-қатынастағы топтық чаттың рөлі»	Тәрбиешілер Алиханова А, Сатыбаева А
4	Жұмыс тәжірибесінен: «Ата-аналарды топтың білім беру қызметіне тарту»	Қазақ тілі маманы Құлынтаева Т
5	«Құнанбай мен Абай» қойылымы Пікір алмасу	**«Әкелер мектебі»**

№5 педагогикалық кеңес (мамыр)

Тақырыбы: «2025-2026 оқу жылының қорытындысы: жетістік пен даму жолы»

Мақсаты: Педагогтардың іс-әрекет нәтижелерін талдау дағдыларын жетілдіру, келесі жылы табысты іс-шаралар мен нәтижелерді болжау.

№	Іс-әрекет мазмұны	жауаптылар
1	2025-2026 оқу жылының жылдық жоспарының орындалуы туралы	Меңгеруші Махметова Ж
2	Инновация бағыты бойынша жұмыстардың соңғы кезеңінің нәтижелері	Инновация жөніндегі әдіскер Усенова А
3	Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту жұмыстары	Медбике Маженова Б.А.
3	Педагогтердің кәсіби жетістіктері, жыл қорытындысы. Мониторинг	Тәрбиешілер Педагог – психолог
4	Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын, күн тәртібін және сабақ кестесін талқылау және бекіту.	Инновация жөніндегі әдіскері Усенова А.Б.
5	Педагог қызметкерлерді аттестаттау туралы	
6	«Бір команда – бір нәтиже» тренинггі	Педагог-психолог
7	Жаңа оқу жылына ұсыныстар мен міндеттер	Меңгеруші, әдіскер.

4.3 Әдістемелік кеңестің жоспары

Мақсаты: мектепке дейінгі білім берудің заманауи сапасымен қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайлар жасау, педагогикалық үдеріске барлық қатысушылардың интеллектуалды әлеуетін тиімді пайдалану.

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	1. 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік кеңестің жұмыс жоспарын бекіту 2. 2025-2026 жылдарға педагог қызметкерлердің біліктілікті арттыру курсын оқудың перспективті кестесін қарастыру; 3. Балалардың бейімделу кезеңіне жүргізілген мониторинг талдауы 4.Иновация бағыты бойынша жаңа оқу жылына жоспар құру	тамыз	Әдіскер Әжімұрат Б
2	1. Жас педагогтермен жүргізілетін жұмыс жоспары, тәлімгерлік	Қараша	

	жұмыс жүйесі туралы ақпарат 2.ЖИ және жаңа технологияларды қолдану, енгізу тиімділіктері туралы. 3. «Абай Құнанбаев 180 жылдығына арналған қалалық семинар бағдарламасын құру 4. Сараптамалық Кеңеске ұсынылатын авторлық жұмыстардың талдауы		
3	1. «Баланың зияткерлік дамуын қалыптастырудағы логикалық тапсырмалардың рөлі» Баяндама 2.Балалардың зияткерлік қабілетін логикалық тапсырмалар арқылы дамыту» ойындар жинағы, «Логика әлемінде» шебер-сынып 1. Аттесталатын педагогтардың өзіндік білім алу бойынша жұмыс жоспарының орындалуы жөніндегі есебі. 2. «Таза Қазақстан» қалалық семинарына әзірлік барысын талдау 3. Қала көлемінде іс-тәжірибесін тарататын педагогтер жұмысына шолу жасау, ұйә жоспарын бекіту.	қаңтар	Инновация әдіскері Усенова А
4	1.Педагог қызметкерлердің біліктілікті арттыру курстарын оқуларын талдау. 2. Қалалық әдістемелік бірлестіктерге, сайыстарға қатысу туралы. 3. Ата-аналармен топтарға бөлу арқылы жыл бойы жүргізілген жұмыстар талдауы	сәуір	Әдіскер Тәрбиешілер Психолог

Бақылау және басқару

Ай	Бақылаудың түрі мен формасы	Мерзімі	Жауаптылар	Қаралады
Қыркүйек	**1. Тақырыптық бақылау:** 1.1.«Жаңа оқу жылына топтардың,маман-педагогтар кабинеттерінің даярлығы» *Күзгі іс-шаралар кестесін бекіту	Ай бойы	Меңгеруші	Меңгеруші кеңесі №1 педкеңес

	1.2. «Жаңа оқу жылына –жаңа бағдарлама» 1.3. Аттестациядан өтетін педагогтарға жеке бақылау және педагогтардың шығармашылық жұмыстарына шолу		Әдіскер Әдіскер	№1 әдістемелік отырыс Аттестациялық комиссия отырысы Өндірістік жиналыс
Қазан	2.«Менің отбасым» айлығы 2.1. **Жедел бақылау:** Дене шынықтыру бойынша ҰІӘ өткізуді талдау**ы**/барлық топтар/ 2.2. «Алтын Күз» мерекелік ойын-сауығы	Ай бойы	Меңгеруші Әдіскер	Меңгеруші кеңесі №2 әдістемелік кеңес
Қараша	**3.«Дені саудың жаны сау!»таным айлығы** **Тақырыптық бақылау:** «Шығармашылық дағдылардың талапқа сай жүргізілуіне бақылау жасау 3.1.Күн райына сай ережелерді сақтау 3.2. «Балалармен ҰІӘ ұйымдастыру үрдісінде түрлі ойын түрлерін шоғырландыру»	Ай бойы	Меңгеруші Әдіскер Меңгеруші	Өндірістік кеңес № 2 педкеңес Меңгеруші кеңесі
Желтоқсан	4.«Менің Қазақстаным!» айлығы Тақырыптық бақылау:«Балабақшаның дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру» 4.1 Тәуелсіздік күніне ҰІӘ сараптамасы 4.2.«Баланың шымырлығы-басты мақсат» әңгімелесу 4.3. «Дене шынықтыру» АҰІӘ сараптау	Ай бойы	Меңгеруші Меңгеруші Әдіскер	Меңгеруші кеңесі №3 әдістемелік отырыс
Қаңтар	5. «Табиғат әлемі» айлығы Тақырыптық бақылау:«Сурет салу» ҰІӘ бақылау жасау 5.1.Аралық диагностика нәтижесі 5.2.Қыс мезгіліндегі серуен кезінде балалардың қауіпсіздігін сақтау 5.3.Жобалау іс-әрекеттері арқылы балалардың тұлғалық және танымдық дамуы 5.4.Педагогтардың портфолиосы талдауы	Ай бойы	Меңгеруші Меңгеруші әдіскер	Меңгеруші кеңесі Өндірістік кеңес № 3 педкеңес Аттестациялық комиссия отырысы

Ақпан	6 «Бізді қоршаған орта» айлығы . **Шолу бақылауы:** Мектепке дейінгі жастағы балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі ойын түрлерін жан-жақты ұйымдастыру Мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық ойын арқылы дамуы мәселелері /дөңгелек үстел	Ай бойы	Меңгеруші әдіскер	Меңгеруші кеңесі № 4 әдістемелік кеңес
Наурыз	**7. Шолу бақылауы:**Мектепке дейінгі жастағы балаларды рухани-адамгершілік тәрбиелеу мен білім беруді ұйымдастыру 7.1.Мектепке дейінгі жастағы балалардың даму заңдылықтарына назар аудару 7.2.Балабақша мүлкіне жауаптылардың есебі	Ай бойы	Меңгеруші Әдіскер Меңгеруші	Меңгеруші кеңесі Өндірістік кеңес
Сәуір	**Тақырыптық бақылау**:«Желілі-рөлдік» ойындардың талапқа сай жүргізілуіне шолу жасау 8.1. «Мен- педагогпын» тренингі 8.2.Ғарышкерлер күніне орай ұйымдастырылған АҰІӘ талдауы	Ай бойы	Меңгеруші әдіскер	Меңгеруші кеңесі №5 әдістемелік кеңес
Мамыр	**9.Оқу –тәрбие жұмыстары қорытындысы** оқу жылындағы ата-аналармен жұмыстың талдауы. оқу жылындағы қоғамдық ұйымдармен жұмыстың талдауы оқу жылының жетістіктері мен қорытындылары 2026 жазғы сауықтыру шаралары бағдарламасын бекіту 2026-2027 оқу жылына аттестациядан өтетін кандидатураларды таңдау	Ай бойы	Меңгеруші	Меңгеруші кеңесі Өндірістік кеңес №4 педкеңес Аттестациялық комиссия отырысы